

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 наурыздағы N 418 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 сәуір N 529

Ақмола облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерін 2001 жылғы көктемгі егіске тұқымдық материалмен қосымша қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмола облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне 2001

жылғы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 30 наурыздағы N 418

Р 0 1 0 4 1 8 _

қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақта: "15 000 (он бес мың)" деген сөздер "20 000 (жиырма мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.